

# Өнегелі отбасы – елдің тұтқасы

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Бақытты отбасы» фестивалі өтті



«Бақытты отбасы» байқауы қатысушылары мен әділқазы мүшелері



Өткен аптада «Юбилейный» мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында отбасы күніне орай «Бақытты отбасы» аудандық фестивалі өткен болатын.

Аталмыш шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау және салауатты, бақытты да, тату отбасының мәртебесін нығайтып, отбасылық дәстүрлерді сақтауға және көбейтуге ықпал ету, өскелең ұрпақ пен жастардың әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау.

Отбасылық аудандық байқауы жақсы деңгейде өтті. Шаңғы базасында өткізілген іс-шара қатысушылары да байқауға жақсы дайындықпен келіп, өздерін жан-жақты көрсете білді.



Байқауда жас бүлдіршіндер де өз өнерлерін көрсетті

Сайысқа қатысып, бақтарын сынаған қатысушылар шара барысында түрлі кезеңдерде өздерін сынай біліп, халыққа өз өнерлерін көрсетті. Тамаша таныстырулар мен әндер шырқалып жатты. Спорттық жарыстар ұйымдастырылып, әділ баға қойылды.

Әр жанұя өз отбасында орнаған шаттығын, ажырамас бірлігі мен татулығын көрсетуге тырысты. Таза ауада өткізілген шара қызыққа толы болды. Бұл шарада отбасының

берекесін келтірген аналардың орны ерекше болғанын айта кету керек. Әр отанасы бұл сайысқа тыңғылықты дайындалып, өздерінің жан жылулықтарын айналасындағыларға сыйлай білді.

Өзара тартысты өткен сайыста әрбір қатысушы командасы үшін барын салды. Қай отбасының бірлігі бекем, ырысы тасқан, мерейі асқаны да жарыс барысында белгілі болды. Тағылымды шарада отбасы мүшелерінің спорттық өнерімен бірге,

бала тәрбиелеудегі біліктілігі де бағаланды.

- Елбасының бағдарламалық мақаласы аясында «Бақытты отбасы» байқауында бағымызды сынап жатырмыз. Өте қызықты, мағынасы тереңде жатқан шара болды. Осындай шараның ұйымдастырушыларына өз отбасымның атынан шексіз ризашылығымды білдіремін, - деді сайыс қатысушысы Құралай Кендірбаева.

Қазылар алқасы мүшелеріне төрелік ету оңайға соқпағаны анық. Дегенмен, қазылар шешімі бойынша командалар арасында достық орнап, қатысушылар номинациялар бойынша марапатталды.

«Менің отбасым» - спортшыл отбасы» номинациясы Кендірбаевтар жанұясына бұйырды. Татулығы жарасқан Кашариңдер отбасы «Менің тату отбасы» номинациясын місе тұтса, «Игі істер отбасы» номинациясы Краснопреснен селолық округінен келіп қатысқан Испуловтар отбасының қанжығасына байланды.

Қатысушылар Алғыс хаттар және ескерткіш сыйлықтарға ие болды.